

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІ
ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АКАДЕМИЯСЫ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК МЕКТЕБІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ**



**«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе,
мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен
мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық
конференциясы материалдарының**

ЖИНАҒЫ

31 қазан 2025 жыл.

Астана қ.

Конференция AP23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты ғылыми жоба аясында ұйымдастырылды.

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84
Т93

**Жалпы редакциясын басқарған – Қапантайқызы Ш.
Редакциялық ұжым: Бибекөв Қ.Т., Кенжалин Қ.К., Шоқабаета С.С.,
Аитова Н.Н., Баймұханбетова М.Б., Бегимова Г.А.**

«Тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту: тәжірибе, мәселелер және перспективалары» атты ғалымдар мен мұғалімдердің халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. 2 томдық., 2-т. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025. – 280 бет.

ISBN 978-601-385-146-4

Бұл жинақта тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту мәселесінің ғылыми-теориялық және әдістемелік мәселелері қарастырылып, заманауи озық тәжірибелері жинақталды. Авторлар еңбектерінде білім беру кеңістігінде тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, тіл арқылы мәдениет пен ұлттық дүниетанымды меңгерту, әдеби шығармаларды аксиологиялық тұрғыдан талдау сияқты мәселелер ғылыми тұрғыда ұсынылды.

Сонымен қатар, жинаққа құндылыққа негізделген тілдік және әдеби білім берудің инновациялық әдістерін, педагогтардың кәсіби даярлығы мен құзыреттілігін жетілдіру жолдарын, қазіргі білім беру жүйесіндегі гуманистік бағыттардың орны мен болашағын айқындауға бағытталған енгізілді.

Материалдар тіл мен әдебиетті құндылық бағдарлы оқыту әдістемесінің, аксиолингводидактиканың өзекті бағыттарына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне және магистранттарға арналады.

ISBN 978-601-385-146-4

ӘОЖ 80/81+821
ББК 81.2+84

© Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2025.

Жоғарыда атап өткен ауызша және жазбаша технологияларды біз оқыту орыс тілінде жүретін бастауыш сыныптарда қалай қолданамыз деген сұраққа тоқталып өтерлік:

Оған еш қам жемесек болады. Қазіргі таңда небір айты-шеберлері ойлап тапқан көздің жауын аларлық түрлі қосымшалар, әлеуметтік желілер баршылық. Мәселен: <https://www.d-id.com/>, <https://www.canva.com/>, <https://www.airpano.com/>, <https://city3d.kz/>, <https://www.emaze.com/>, <https://padlet.com>, <https://getkahoot.com>

«D-ID: AI video» қосымшасы. Аталған қосымшаның басты функциясы – жансыз суреттерге тіл бітіргізу.

Canva.com – сайты мұғалімдерге топтық оқыту, әртүрлі додалар барысында жобалар, сертификаттар, интерактивті бейне-баяндар жасауға керемет мүмкіндіктер береді. Ерекшеліктері: Инфограмма жүйесі бар. Жүйе негізінде оқушыларға демалыс уақыты кезінде мультфильм қарауға тапсырма беруге болады. Мүмкіндіктері: Әртүрлі көзқызығарлық слайд, видео, интерактивті жоба жасауға толық мүмкіндік жасайды. Air Pano – саяхат сабақ өткізгенде өте қолайлы платформа. Платформа арқылы әртүрлі жерлерге саяхат жасауға болады. Мәселен, бастауыш сыныпта қала, мемлекеттер тақырыбын өткен тұста ыңғайлы. Тиімділігі: Саяхат сабақ жасауға өте қолайлы. Өзгешеліктері: Дыбыс, панорамалық тур түгел қамтылған.

Панорама – бұл Қазақстан жерлеріне онлайн тур ұйымдастыруға бағытталған сайт. Сайт – үйден шықпай-ақ, қашықтықтан Астана қаласының көрікті жерлеріне саяхат жасауға мүмкіндік береді. Оқушылардың таным қабілеттерін жетілдіреді әрі сабақты қызықты өткізуге қолайлы жағдай жасайды. Сондай-ақ, әлеуметтік желілер (Инстаграмм, ютуб, тик-ток, телеграмм желісіне жариялауға әбден болады) өз мүмкіндіктерін айқара ашатынын ескергеніміз абзал.

Жоғарыда парақталып өткен әдіс-тәсілдер арқылы оқушылар бойларындағы танымдық, конструктивтік дағдыларды жетілдірді. Қорытындылай келе, бар айтарымыз, креативті технология – тілді оқытудағы ең негізгі әрі шешуші факторы. Анығында, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін креативті технология арқылы оқыту ешқашан маңызын жоғалтпайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері: Оқулық. – Алматы: Print-S, 2005. – 147 бет.
2. Алешина А.Б. Орыс тіліндегі айтылым дағдысын дамытудың креативті жолдары (бастапқы деңгей): ФГК дисс. автореф. – Москва, 2023. – 23 б.
3. Курманаева А. «Қазақстандағы хогвартс мектебі», – Алматы: «Үшқоңыр» халықаралық газеті, 2024 жыл.
4. Курманаева А., Байжанқызы Б. «Жаңа форматтағы мұғалім қызметінің ерекшеліктері», – Алматы: «Ұлағат» республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық журналы, 2020 жыл.
5. Курманаева А. Ұстаздықтың биігіне бойлаған // Көкшетау: «Арқа ажары» газеті, 2020 жыл.
6. Курманаева А. Қазақ фэнтезиінің поэтикасы мен кейіпкерлер типологиясы, – Алматы: «Дарын» баспасы, 2024.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДА ҚАТЫСЫМДЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ РӨЛІ

Курманова А.К.

Қауымдастырылған профессор, PhD, Ш.Уәлиханов атындағы КУ, Көкшетау, Қазақстан.

Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – ұлттың мәдени коды, рухани мұрасы мен дүниетанымын жеткізуші жүйе. Осыған орай қазақ тілін оқыту үдерісі тек тілдік білім берумен шектелмей, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытудың тиімді құралы болуы тиіс. Өйткені қазіргі білім беру жүйесі тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ете отырып, оны құндылықтық бағдармен тәрбиелеуді көздейді.

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жаңарту аясында құндылық бағдарлы және тұлғаға бағытталған оқыту тұжырымдамасы өзекті бағыттардың біріне айналды. Мұндай ұстаным оқушының тек білімін ғана емес, сонымен қатар оның өмірлік ұстанымын, мінез-құлқын,

рухани дүниесін қалыптастыруды мақсат етеді. Алайда қазіргі мектеп тәжірибесінде оқушылардың тілдік дағдылары дамығанымен, олардың тіл арқылы құндылықтарды тануы мен қолдануы әлі де жеткілікті деңгейде жүзеге аспай отыр. Бұл олқылықты жоюдың бір тиімді жолы – қатысымдық жаттығулар жүйесін құндылық мазмұнмен ұштастыру. Аталған бағыт бойынша жүргізілген зерттеулер саны шектеулі болғандықтан, қатысымдық жаттығулардың құндылықтық әлеуетін айқындау – әдістеме ғылымындағы тың, өзекті бағыттардың бірі болып саналады.

Қазақ тілін оқытудың дәстүрлі әдістемесі көбіне грамматикалық және репродуктивтік сипатта болса, қазіргі кезеңде қатысымдық-танымдық бағыт алдыңғы қатарға шығып отыр. Бұл бағыт оқушылардың белсенді қатысуын, ойлау, пікір айту, сұрақ қою және жауап табу дағдыларын дамыта отырып, оларды өмірлік жағдаяттарда тілдік құралды еркін қолдануға баулиды. Осы тұрғыдан алғанда, қатысымдық жаттығулар – тілдік қана емес, тұлғалық дамуды қамтамасыз ететін негізгі әдістемелік тетік болады. Қатысымдық жаттығулар жүйесін құндылық бағдарлы мазмұнмен кіріктіру оқушыны тек тіл үйренуші ретінде емес, рухани-адамгершілік тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал етеді. Мұндай жаттығулар арқылы оқушылар тілдік материалды меңгеріп қана қоймай, өмірлік маңызды ұстанымдарды – сыйластық, адалдық, жауапкершілік, бірлік, еңбексүйгіштік сияқты құндылықтарды тәжірибеде қолдануға дағдыланады.

Қазіргі педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, тіл сабақтарында құндылық мазмұн мен қатысымдық бағыттың үйлесуі оқушылардың қатысымдық құзыретін, ойлау мәдениетін және рухани дамуын қатар жетілдіреді. Осыған байланысты қазақ тілін құндылық бағдарлы оқытуда қатысымдық жаттығулардың мәнін, қызметін және тиімді қолдану жолдарын айқындау – заманауи тіл әдістемесі ғылымының өзекті мәселелерінің бірі.

Зерттеудің мақсаты – қатысымдық жаттығулардың құндылық бағдарлы оқытудағы мәнін, қызметін және тиімді қолдану жолдарын анықтау.

Осы мақсатқа сәйкес зерттеудің міндеттері төмендегідей айқындалды:

Құндылық бағдарлы оқытудың мәнін сипаттау;

Қатысымдық жаттығулардың тіл үйретудегі орны мен ерекшеліктерін талдау;

Қатысымдық жаттығулар арқылы құндылықтарды дарыту жолдарын ұсыну.

Құндылық бағдарлы оқыту – білім беру мазмұнын тұлғаның рухани дамуы мен мәдени қалыптасуымен ұштастыратын заманауи педагогикалық бағыт. Бұл ұстанымда білім алушының тек когнитивтік жетістіктері емес, оның құндылықтық дүниетанымы, адамгершілік және азаматтық қасиеттері басты назарда болады. Яғни оқыту үдерісі тек білім берумен шектелмей, тәрбиелік, әлеуметтік және мәдени мақсаттарды да біріктіре отырып жүзеге асырылады.

Құндылық бағдарлы оқытудың теориялық негізі ХХ ғасырдағы гуманистік педагогикамен байланысты. Ш.А.Амонашвили [1], В.А.Сухомлинский [2], К.Роджерс [3] сияқты ғалымдар білім берудің басты мақсаты – тұлғаның рухани кемелденуі мен өзін-өзі танытуына жағдай жасау екенін дәлелдеді. Олар оқыту мен тәрбиені біртұтас үдеріс ретінде қарастырып, оқушының жеке тәжірибесін, сезімін және өмірлік ұстанымдарын ескерудің маңыздылығын атап көрсетті. Осы идеялар бүгінгі құндылық бағдарлы білім беру парадигмасының іргетасына айналды.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінде құндылық бағдарлы оқыту ұстанымы соңғы онжылдықта ерекше мәнге ие бола бастады. Бұл ұстанымның өзектілігі тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың мәдени коды мен рухани жадын жеткізуші жүйе екендігімен түсіндіріледі. Қазақ тілін үйрету барысында тек тілдік нормаларды меңгерту емес, сонымен қатар ұлттық дүниетаным, дәстүр мен мінез-құлық үлгілерін, яғни ұлттық құндылықтарды дарыту көзделеді. Мұндай тәсіл тілдік білімді рухани тәрбиемен ұштастыра отырып, оқушының адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

А.Байтұрсынұлы тіл арқылы тұлға тәрбиелеуді оқытудың басты мақсаты деп қарастырды. Ол «Тіл – құрал» еңбегінде тілдің қоғамдағы және жеке тұлға өміріндегі тәрбиелік мәнін айқындап [4, 12], «Әдебиет танытқышта» тіл мен ой, қиял, сезім бірлігін

адамдық болмыстың негізі ретінде сипаттайды [5, 7]. Оның «Тіл – құрал, тіл арқылы адам тәрбиеленеді» деген тұжырымы бүгінгі құндылық бағдарлы оқытудың мәнін дәл бейнелейді. Ғалым үшін тіл үйрету – тек грамматикалық білім беру емес, адамды ойлауға, сезінуге және мәдени тұрғыдан жетілуге баулудың құралы болды. Ол грамматиканы оқытуда тілдік құбылысты тұлғаның ойлау және сезіну әрекетімен ұштастырып, білімді өмірлік тәжірибемен байланыстыра білді. Бұл ұстаным «Тіл – құрал» оқулығында айқын көрініс табады. Мұнда грамматикалық ережелер құрғақ анықтама түрінде емес, өмірлік мазмұнмен және тәрбиелік мәні бар мысалдармен берілген. Мәселен, «Жаксы сөз – жарым ырыс», «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» сияқты мақал-мәтелдерді талдату арқылы ғалым оқушыны тек сөйлем құрылымын меңгеруге емес, сол сөйлемнің астарындағы адамгершілік мәнді ұғынуға бағыттайды.

А. Байтұрсынұлының «Сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлей білу – адамға зор өнер. Өнер алды – қызыл тіл» деген тұжырымы тілдің тұлғаны тәрбиелеудегі, ойлау мәдениеті мен мінезін қалыптастырудағы маңызын айқындайды [6, 24]. Демек, ол тіл үйрету арқылы оқушының ойлау қабілетін, дүниетанымын, мәдениетін және рухани болмысын дамытуға ерекше мән берген. Бұл көзқарас қазіргі құндылық бағдарлы оқыту қағидаттарымен толық үндеседі.

Тілші-әдіскер Т. Шонанов оқыту барысында баланың тілдік материалды өз тәжірибесімен байланыстыра қолдануына, сөйлеу әрекеті арқылы өзін-өзі тануына және қоғамға пайдалы тұлға ретінде қалыптасуына ерекше мән берді. Ғалымның оқулықтарындағы мәтіндер мен жаттығулар мазмұны да осы идеяны жүзеге асыруға бағытталған. Олар еңбекке, ата-анаға құрметке, ұжымшылдыққа және жауапкершілікке тәрбиелеуге негізделген. Мысалы, «Бірінші басқышта ана тілі» (1929) оқулығындағы мәтіндер мен тапсырмаларда еңбек, ұжымшылдық, ата-ана еңбегін қадірлеу және азаматтық сана тақырыптары қамтылған: *«Еңбек – адамды өсіреді. Еңбек еткен ерінбейді. Еріншек адам елге пайда келтірмейді», «Ата-ана еңбегін қадірлей біл. Олардың ақылы мен еңбегі сенің бақытың үшін», «Жолдасыңа көмектес, көппен бірге бол. Көптің қамын ойлаған – ел қамын ойлаған»* [7,15-27] сияқты мәтіндер оқушыларды тілдік әрекет арқылы еңбекқорлыққа, адамгершілікке, қоғамға пайдалы болуға баулиды. Мұндай тәсіл тілдік білім мен рухани-адамгершілік тәрбиені табиғи түрде біріктіре отырып, оқыту үдерісін тұлғаның құндылықтық дамуының құралына айналдырады. Осы тұрғыдан алғанда, Т. Шонановтың әдістемелік мұрасы – қазіргі құндылық бағдарлы оқыту қағидаттарының тарихи және теориялық негізін құрайды. Ол тілдік жаттығуларды тек білім көзі емес, рухани және азаматтық тұлға қалыптастырудың тетігі ретінде қарастырған.

Қ. Кемеңгерұлы тіл сабақтарының тәрбиелік ықпалына ерекше назар аударып, тілді «елдіктің айнасы» деп бағалаған. Ол үшін тіл – тек қатынас құралы емес, ұлттың болмысын, мінезін және рухын бейнелейтін мәдени-философиялық феномен болған. Ғалымның әдістемелік ұстанымында тіл мен мәдениеттің сабақтастығы маңызды орын алған. Ол сабақ барысында халық ауыз әдебиеті үлгілерін, көркем мәтіндерді, ұлттық тұрмыс пен дәстүрге қатысты мазмұнды қолдануды ұсынған. Мұндай тәсіл оқушыларға тек тіл құрылымын меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар сөз мәдениеті мен сөйлеу әдебін, ұлттық мінез-құлық пен эстетикалық талғамды қатар дамытуға мүмкіндік берген. Демек, Қошке Кемеңгерұлы тіл мен ұлт бірлігін оқу-тәрбие үдерісінің өзегіне айналдырып, тіл үйрету ісінің құндылықтық мазмұнын тереңдеткен. Оның көзқарастары қазіргі құндылық бағдарлы оқыту тұжырымдамасымен үндесіп, тіл арқылы ұлттық болмыс пен мәдени сәйкестікті қалыптастырудың ғылыми-теориялық негізін қалаған [8; 9].

Осылайша, құндылық бағдарлы оқыту идеясы мен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ әдіскерлерінің педагогикалық ұстанымдары өзара сабақтасып, біртұтас жүйе түзеді. Егер Байтұрсынұлы мен оның замандастары тіл арқылы адамды тәрбиелеудің теориялық және әдістемелік негізін қалыптастырған болса, қазіргі әдістеме ғылымы сол идеяны заманауи құндылық бағдарлы мазмұнда жаңғыртуға бағытталған.

Құндылық бағдарлы оқыту – тек заманауи білім берудің талабы ғана емес, сонымен бірге ұлттық әдістемелік дәстүрдің заңды жалғасы. Ол тіл үйретудің мазмұнын тереңдетіп,

оқушының рухани дамуы мен адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың пәрменді құралы. Қазіргі кезеңдегі құндылық бағдарлы оқыту осы ғалымдар негізін қалаған идеяларды жаңа ғылыми-әдістемелік форматта – қатысымдық, интерактивті және құндылықтық интеграция қағидаттары негізінде дамытуды көздейді. Бұл сабақтастық қазақ тілін оқытудағы басты миссияны айқындайды: тіл арқылы тұлғаны тәрбиелеу және ұлттық рухты сақтау. Қатысымдық жаттығулар тіл үйрету үдерісінің негізгі өзегін құрайды. Себебі тілдік материалды меңгеру мен оны сөйлеу әрекетінде дұрыс қолдану дәл осы қатысымдық бағыттағы тапсырмалар арқылы жүзеге асады. Мұндай жаттығулардың басты мақсаты – үйренушінің тілдік білімін өмірлік жағдаяттарда еркін қолдана алуын қамтамасыз ету [10; 11]. Қатысымдық әдістеме қағидасы бойынша, жаттығулар оқушының белсенді қатысуын, өз ойын білдіруін және нақты коммуникативтік жағдайларда тілдік құралдарды мақсатты түрде қолдануын көздейді. Яғни мұндай тапсырмалар тілдік норманы меңгертуден гөрі, оны қарым-қатынаста пайдалануға бағытталады. Осы тұрғыда, қатысымдық жаттығулар – репродуктивтік әрекеттен өнімді (продуктивті) тілдік әрекетке өтудің негізгі тетігі болып табылады.

Қатысымдық жаттығулардың тіл үйретудегі рөлін айқындайтын негізгі ерекшеліктері төмендегідей: Коммуникативтік бағыттылығы. Әрбір жаттығу нақты сөйлеу жағдаятына негізделеді. Үйренуші тапсырманы орындау барысында шынайы қарым-қатынасқа түседі. Мысалы, сұрақ-жауап, пікір алмасу, жағдаяттық диалогтар немесе топтық талқылау түріндегі жаттығулар оқушыны тілдік құралды табиғи ортада қолдануға бейімдейді. Бұл тәсіл Е.И. Пассовтың «коммуникативтік модельдеу» принципіне сай келеді, мұнда оқыту шынайы сөйлеу жағдайына барынша жақын ұйымдастырылады [10]. Мақсат пен мазмұнның бірлігі. Қатысымдық жаттығулардың мазмұны үйренушінің коммуникативтік қажеттілігіне сай құрылады. Әр тапсырмада нақты мақсат (мысалы, ақпарат алу, келісімге келу, пікір білдіру) пен мазмұн (тақырып, құндылық, өмірлік жағдаят) өзара байланыста беріледі. Бұл қағида В.Л. Скалкин мен Н.И. Гез еңбектерінде «мағыналық мотивация» ұстанымы ретінде негізделген [11; 12]. Тілдік әрекеттің барлық түрін қамтуы. Қатысымдық жаттығулар тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым дағдыларын өзара байланыста дамытады. Бұл тілдік әрекеттердің бірлігін қамтамасыз етіп, оқушының қатысымдық құзыретін кешенді түрде қалыптастырады [13]. Мысалы, оқушы тыңдаған мәтін бойынша пікір білдіріп, оны жазбаша түрде қорытындылайды немесе диалог түрінде жалғастырады. Ойын және шығармашылық элементтердің болуы. Коммуникативтік әдістемеде ойын, пікірталас, рөлдік жағдаят сияқты әрекет түрлері кең қолданылады. Олар оқушылардың қызығушылығын арттырып, еркін сөйлеу қабілетін дамытады. Тұлғалық және құндылықтық бағыттылығы. Қатысымдық жаттығулар тек тілдік дағдыларды ғана емес, оқушының ойлау, өз пікірін дәлелдей алу, мәдениетаралық қатынасқа түсу қабілеттерін де дамытады. Сонымен қатар адамгершілік, сыйластық, жауапкершілік сияқты жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Бұл аспект қазіргі білім беру парадигмасындағы құндылық бағдарлы оқыту талаптарымен толық үйлеседі.

Осылайша, қатысымдық жаттығулардың дәстүрлі грамматикалық әдістерден басты айырмашылығы — оқушыны дайын тілдік үлгілерді жаттауға емес, өз ойын еркін әрі мағыналы түрде жеткізуге, яғни тіл арқылы өзара әрекеттесуге үйретуінде. Мұндай тәсіл тіл үйретуді өмірлік тәжірибемен ұштастырып, оқушының тұлғалық дамуы мен құндылықтық бағдарын қатар қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қатысымдық жаттығулар тек тілдік дағдыларды дамытудың құралы ғана емес, сонымен бірге оқушының құндылықтық бағдарын қалыптастырудың тиімді әдісі. Тіл арқылы қарым-қатынас жасау үдерісінде үйренуші тек лексикалық және грамматикалық бірліктерді меңгеріп қана қоймай, адамгершілік, мәдени, ұлттық және рухани құндылықтарды бойына сіңіреді. Қатысымдық жаттығулардың басты ерекшелігі — мәнге бағытталған әрекет (meaning-focused activity). Мұнда тіл құрал емес, құндылықтарды жеткізу құралы ғана емес, сонымен қатар құндылықтарды жеткізудің тиімді тетегі ретінде қарастырылады.

Құндылықтық мазмұн қатысымдық жаттығуларда келесідей бағыттарда жүзеге асады:

Әлеуметтік құндылықтар (ынтымақтастық, сыйластық, жауапкершілік) диалогтік және топтық тапсырмалар арқылы дамиды.

Рухани және адамгершілік құндылықтар (құрмет, қайырымдылық, шыншылдық) пікірлесім мен жағдаяттық жаттығулар барысында қалыптасады.

Ұлттық құндылықтар (ана тілін құрметтеу, дәстүрді сақтау) көркем мәтіндер мен мәдени контексті бар тапсырмалар арқылы дарытылады.

Мысалы, В.Л. Скалкин (1989) мен Е.И. Пассов (1991) қатысымдық оқытудың тәрбиелік мәнін ерекше атап өтеді. Олардың пікірінше, тілдік қарым-қатынас оқушының мінез-құлқын, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыратын маңызды құрал, өйткені ол нақты әлеуметтік өзара әрекет жағдайында жүзеге асады. Құндылықтарды дарытудың әдістемелік жолдарына келсек, олар келесі жаттығу түрлері арқылы жүзеге асады:

а) Диалогтік және жағдаяттық жаттығулар

Бұл жаттығулар оқушыларды нақты өмірлік жағдаяттарға енгізу арқылы олардың құрмет, сыйластық, тыңдай білу, ынтымақтасу сияқты құндылықтарын дамытады. Мысалы:

Жағдаят: «Сенің сыныптасың сабақтан жиі кешігеді. Сен досың ретінде оған не айтар едің?». *Мақсаты:* жауапкершілік пен сыйластық құндылығын қалыптастыру. *Талдау:* Оқушы өз көзқарасын мәдени және тілдік тұрғыда дұрыс жеткізуге үйренеді. Этика нормалары сақталады, сөйлеу мәдениеті мен өз ойын жеткізу дағдысы дамиды.

ә) Рөлдік ойындар мен пікірталас жаттығулары

Рөлдік ойындар – оқушының құндылықтық тәжірибесін табиғи жолмен қалыптастырудың тиімді тәсілі. Бұл тапсырмаларда оқушы өзін түрлі әлеуметтік рөлдерде байқап көреді. Мысалы: *Тақырып:* «Қоғамға пайдалы болу деген не?» *Тапсырма:* топтар «ерікті», «мұғалім», «дәрігер», «оқушы» рөлдерін алып, қоғамға қызмет ету жолдары туралы диалог құрастырады. *Мақсаты:* еңбекқорлық, жауапкершілік және қоғамға пайда тигізу құндылығын дамыту. *Талдау:* Мұндай тапсырмаларда оқушылар тек тілдік құрылымдарды қолданумен шектелмей, өз өмірлік ұстанымдарын да білдіреді. Бұл – тіл мен құндылықтың табиғи бірігуі.

б) Мәтіндік-коммуникативтік жаттығулар

Мәтінмен жұмыс жасау арқылы ұлттық және мәдени құндылықтар бойға сіңіріледі. Мысалы: *Мәтін:* «Ата-анаға құрмет» (дәстүрлі тақырыптағы әңгіме). *Тапсырма:* Мәтінді оқып, ата-ананы құрметтеу туралы өз көзқарасын білдіру. *Қатысымдық міндет:* келісу/келіспеу, пікір дәлелдеу, өмірден мысал келтіру. *Талдау:* Жаттығу барысында оқушының ойлау, талдау, сөйлеу дағдыларын дамиды. Сонымен қатар рухани-адамгершілік құндылықтарды да бойына сіңіреді.

в) Интербелсенді жаттығулар мен топтық жұмыс

Қатысымдық бағыттағы топтық жұмыстар оқушылардың бірлескен шешім қабылдау, өзара қолдау көрсету, сындарлы пікір білдіру қабілеттерін дамытады. Мысалы: *Тапсырма:* «Мектептегі достықтың ережелерін жаса» (топтық жоба). *Мақсаты:* достық, сыйластық, сенім құндылықтарын қалыптастыру. *Талдау:* Пікірталас барысында оқушылар өз ойын дәлелдеуге, тыңдай білуге, бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс істеуге дағдыланады. Бұл – құндылықты тәжірибе арқылы меңгерудің тиімді жолы.

Қорытындылай келе, берілген әдістемелік жолдар тіл үйрету мен құндылық тәрбиесін табиғи түрде кіріктіреді. Мұндай жаттығулар арқылы оқушы тілдік қатысым мен тұлғалық дамуды қатар игереді. Демек, қатысымдық жаттығулар – рухани-адамгершілік тәрбие мен қатысымдық құзыреттілікті қатар дамытудың пәрменді құралы. Қатысымдық жаттығулардың тиімділігін арттыру мақсатында олардың тұлғалық құндылықтармен өзара байланысын жүйелеу қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы әдістемелік негіздемені төмендегі кестеден көруге болады (1-кесте).

1-кесте. Қатысымдық жаттығулар мен құндылықтардың байланысын жүйелеу

Жаттығу түрі	Дамытылатын тілдік дағдылар	Дарытылатын құндылықтар
Диалогтік жаттығулар	Айтылым, тыңдалым	Сыйластық, тыңдай білу, жауапкершілік
Рөлдік ойындар	Айтылым, жазылым	Ынтымақтастық, адалдық, еңбекқорлық

Мәтінмен жұмыс	Оқылым, айтылым	Рухани және ұлттық құндылықтар
Пікірталас тапсырмалары	Айтылым, тыңдалым	Сын тұрғысынан ойлау, төзімділік
Топтық жобалық жұмыс	Барлық дағдылар	Бірлік, өзара көмек, шығармашылық
Жаттығу түрі	Дамытылатын тілдік дағдылар	Дарытылатын құндылықтар
Диалогтік жаттығулар	Айтылым, тыңдалым	Сыйластық, тыңдай білу, жауапкершілік

Жоғарыда ұсынылған кесте қатысымдық жаттығулардың екі қырлы ықпалын – тілдік дағдыларды дамыту және тұлғалық құндылықтарды қалыптастыру – біртұтас жүйеде көрсетуге бағытталған. Бұл кесте қатысымдық жаттығулардың интегративті табиғатын бірнеше қырынан ашады: Тілдік дамуға ықпалы – әр жаттығу түрі белгілі бір тілдік дағдыларды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) дамытуға бағытталады. Құндылықтық даму – жаттығулар барысында оқушылар бойында маңызды тұлғалық және әлеуметтік құндылықтар қалыптасады (мысалы, сыйластық, жауапкершілік, ынтымақтастық, сын тұрғысынан ойлау). Тәрбиелік әлеуеттің әдістемелік негізі – бұл байланыс тілді үйрету процесін тәрбиелік мақсаттармен ұштастырудың тиімді жолын көрсетеді. Мысалы, «Диалогтік жаттығулар» оқушының айтылым мен тыңдалым дағдыларын дамытумен қатар, оның сөйлеу мәдениетін, тыңдай білу қабілетін және қарым-қатынас барысында өзгеге құрмет көрсету дағдыларын қалыптастырады. Оқушы тек өз ойын білдіріп қоймай, қарсыласының пікірін де мұқият тыңдауға, пікір алмасуда сыпайылық сақтауға үйренеді. Сол сияқты, «Рөлдік ойындар» жаттығуы арқылы оқушы белгілі бір әлеуметтік рөлге еніп, тілдік құрылымдарды шынайы жағдаятта қолдануға машықтанады. Бұл өз кезегінде ынтымақтастық, адалдық және жауапкершілік сияқты құндылықтарды тәжірибе арқылы меңгеруге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, қатысымдық бағыттағы жаттығулар тек тілдік мақсаттарды көздемей, сонымен қатар оқушылардың тұлғалық, рухани және әлеуметтік дамуына ықпал ететін маңызды әдістемелік құрал ретінде қарастырылады. Осылайша, ұсынылған кесте қатысымдық жаттығулардың қос функциясын — тілдік және құндылықтық дамуды — айқын көрсетеді. Бұл мәліметтер мұғалімдерге: сабақ жоспарын жасағанда әр жаттығудың тәрбиелік нәтижесін ескеруге; оқу үдерісінде құндылыққа бағдарланған оқытуды жүйелі түрде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, қатысымдық жаттығулар арқылы құндылықтарды дарыту – қазіргі тілдік білім беру әдістемесінің интегративті бағыты ретінде ерекше мәнге ие. Бұл тәсіл оқушының тілдік, қатысымдық және тұлғалық дамуын өзара байланыстырып, оқу процесінің тәрбиелік әлеуетін арттырады. Жүйелі ұйымдастырылған қатысымдық жаттығулар оқушының тілдік құзыреттілігін қалыптастырып қана қоймай, оны рухани-адамгершілік және мәдени тұрғыдан кемелденген тұлға ретінде тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Сондықтан, мұндай жаттығуларды оқыту мазмұнына енгізу – сапалы, жан-жақты және құндылыққа негізделген тілдік білім берудің тиімді әдістемелік құралы ретінде қарастырылуы тиіс.

Мақала АР23490928 «Қазақ тілі мен әдебиетін құндылық бағдарлы оқытудың инновациялық технологиясы» атты жоба аясында жазылды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Амонашвили Ш.А. Как живете, дети? – М.: Педагогика, 1990.
2. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. – М.: Просвещение, 1971.
3. Rogers C. Freedom to Learn. – Columbus: Charles Merrill, 1969.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Қазан: Қаржы баспасы, 1914.
5. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Арыс, 2003.
6. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. III: –384 б.
7. Шонанұлы Т. Бірінші басқышта ана тілі. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1929. – Б. 15-34.
8. Кемеңгерұлы Қ. Қазақ тарихы мен әдебиеті. – Ташкент, 1923. – 84 б.
9. Кемеңгерұлы Қ. Жат сөздер туралы. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1926. – 56 б.
10. Пассов Е.И. Коммуникативное иноязычное образование. – Воронеж: Интерлингва, 1991.
11. Скалкин В.Л. Общение как цель обучения иностранному языку. – М.: Просвещение, 1989.
12. Гез Н.И. Методика обучения иностранным языкам. – М.: Академия, 2003.
13. Курманова А.К. Қазақ тілін үйретуде қатысымдық жаттығуларды қолдану әдістемесі. // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University. Philological Series. – 2023. – № 4. – Б. 179–190.